



«KASPI BANK» АҚЦИОНЕРЛІК ҚОҒАМЫ АҚЦИОНЕРНОЕ ОБЩЕСТВО «KASPI BANK»

Қазақстан Республикасы, 050013, Алматы қ., Наурызбай батыр к-сі, 154 «А»
Республика Казахстан, 050013, г. Алматы, ул. Наурызбай батыра, 154 «А»
Тел. +7 (727) 258 59 55; факс +7 (727) 292 39 00
e-mail: office@kaspi.kz; www.kaspi.kz

07.12.2018 г. № 36-833

На № _____ от _____

**АО "Казахстанская
фондовая биржа"**

050040, г. Алматы, ул. Байзакова, 280
северная башня МФК "Almaty Towers"

АО "Информационно-учетный центр"
010000, г. Астана, пр. Республики, д.29, тел. (7172) 55-29-81

ЗАЯВКА

Настоящим АО «Kaspi Bank» (БИН 971240001315, КАЗАХСТАН, 050013, Алматы г.а., Бостандыкский район, ул. Наурызбай батыра 154 А, сотовый: +7 (701) 407 3000, тел: +7 (727) 2585955, факс: +7 (727) 2923900, e-mail: laura.baitanayeva@kaspi.kz, веб-сайт: kaspi.kz) направляет текст информационного сообщения на русском, казахском языке(ах), для размещения/опубликования его на интернет-ресурсе Депозитария финансовой отчетности, Казахстанской фондовой биржи, представляющего собой средство массовой информации согласно определению, данному в подпункте 3) пункта 2 Правил размещения на интернет-ресурсах депозитария финансовой отчетности, фондовой биржи информации о корпоративных событиях, финансовой отчетности и аудиторских отчетов, списков аффилированных лиц акционерных обществ, а также информации о суммарном размере вознаграждения членов исполнительного органа по итогам года, утвержденных постановлением Правления Национального Банка Республики Казахстан от 28 января 2016 года № 26.

| № | № п.п. | Показатель / Көрсеткіш / Indicator | Содержание информации / Ақпарат мазмұны / Information content | |
|----|--|---|--|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 | |
| 2. | Информация о выпуске акционерным обществом акций и других ценных бумаг | | | |
| | Ақционерлік қоғамның акциялар мен бағалы қағаздарды шығаруы жөнінде ақпарат | | | |
| | 1 | 1 | наименование органа, осуществившего регистрацию выпуска ценных бумаг | Национальный Банк Республики Казахстан |
| | | | бағалы қағаздар шығарылымын тіркеуді жүзеге асырған органның атауы | Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі |
| | 2 | 2 | дата регистрации выпуска ценных бумаг | 05.12.2018 |
| | | | бағалы қағаздар шығарылымын тіркеу күні | |
| | 2 | 1 | вид объявленных к выпуску ценных бумаг | Облигации |
| | | | шығаруға жарияланған бағалы қағаздардың түрі | Облигациялар |
| | | | 1.1 | Выпуск облигаций в рамках облигационной программы |
| | | Облигациялық бағдарламаның шеңберінде облигациялар шығарылымы | Иә | |

0768039

| | | | |
|---|-----|---|--|
| | 2 | Полное наименование объявленных к выпуску ценных бумаг (купонные облигации, простые акции и т.д.) | Именные купонные без обеспечения |
| | | Шығарылған бағалы қағаздарды жариялаудың толық атаулары (купондық облигациялар, қарапайым акция және т.б.) | Қамтамасыз етілмеген атаулы купондық |
| | 3 | количество объявленных к выпуску ценных бумаг, шт. | 150 000 000 |
| | | шығаруға жарияланған бағалы қағаздардың саны, дана | |
| | 4 | идентификационный код (национальный идентификационный номер и (или) международный идентификационный код (ISIN) в случае если ценные бумаги были выпущены в соответствии с законодательством иностранного государства), присвоенный ценным бумагам | KZP05Y04E834 |
| | | бағалы қағаздарға берілген (ұлттық сәйкестендіру нөмірі және (немесе) бағалы қағаздар шет мемлекеттің заңнамасына сәйкес шығарылған жағдайда халықаралық сәйкестендіру коды (ISIN)) сәйкестендіру коды | |
| 3 | 1 | валюта выпуска облигаций | KZT - Теңге |
| | | облигацияларды шығару валютасы | KZT |
| | 2 | номинальная стоимость облигаций, в валюте выпуска | 100,00 |
| | | облигациялардың номиналды құны, шығарылым валютасында | |
| | 3 | срок обращения облигаций, месяцы | 48 |
| | | облигацияларды айналымға енгізу күні, айы | |
| | 4.1 | номер облигационной программы | 3 |
| | | облигациялық бағдарламаның нөмірі | |
| 4 | | сканированная копия проспекта выпуска эмиссионных ценных бумаг акционерного общества | Сканированная копия документа прилагается в разделе эл. отчета "Скан (изменений) проспекта выпуска ЦБ" |
| | | акционерлік қоғамның эмиссиялық бағалы қағаздарын шығару проспектісінің сканерленген көшірмесі | Электрондық есептілікке құжаттың сканерленген көшірмесі қосымша беріледі (қоса тіркеледі) |
| 5 | 1 | Было ли получено акционерным обществом разрешения Национального Банка Республики Казахстан (далее - уполномоченный орган) на выпуск и (или) размещение эмиссионных ценных бумаг на территории иностранного государства? | Нет |
| | | Акционерлік қоғам Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкінен (әрі қарай - уәкілетті орган) эмиссиялық бағалы қағаздарды шетелдік мемлекет аумағында шығару және (немесе) орналастыру жөнінде рұқсат алынды ма? | Жок |

Миронов П.В.
И.о. Председателя Правления





СВИДЕТЕЛЬСТВО

о государственной регистрации выпуска ценных бумаг

25 декабря 2018 года

г. Алматы

№ E83-5

Национальный Банк Республики Казахстан произвел государственную регистрацию пятого выпуска облигаций в пределах третьей облигационной программы акционерного общества «Kaspi Bank» (Республика Казахстан, 050013, г. Алматы, Бостандыкский район, улица Наурызбай батыра, дом 154А), зарегистрированного по бизнес-идентификационному номеру 971240001315.

Выпуск разделен на 150 000 000 (сто пятьдесят миллионов) купонных облигаций без обеспечения, которым присвоен национальный идентификационный номер **KZP05Y04E834**.

Номинальная стоимость одной облигации 100 (сто) тенге.

Объем выпуска облигаций составляет 15 000 000 000 (пятнадцать миллиардов) тенге.

Выпуск внесен в Государственный реестр эмиссионных ценных бумаг за номером **E83-5**.

Заместитель Председателя



Курманов Ж.Б.

Серия С

№ 0002175



**Бағалы қағаздардың шығарылымын
мемлекеттік тіркеу туралы
КУӘЛІК**

2018 жылғы 05 желтоқсан

Алматы қ.

№ E83-5

Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі бизнес-сәйкестендіру нөмірі 971240001315 тіркелген «Kaspi Bank» акционерлік қоғамының (Қазақстан Республикасы, 050013, Алматы қаласы, Бостандық ауданы, Наурызбай батыр көшесі, 154А үй) үшінші облигациялық бағдарламасы шегінде бесінші облигациялар шығарылымын мемлекеттік тіркеуден өткізді.

Шығарылым **KZP05Y04E834** ұлттық сәйкестендіру нөмірі берілген 150 000 000 (бір жүз елу миллион) қамтамасыз етілмеген купондық облигацияларға бөлінген.

Бір облигацияның номиналдық құны 100 (бір жүз) теңге.

Облигациялардың шығарылым көлемі 15 000 000 000 (он бес миллиард) теңге болады.

Шығарылым Эмиссиялық бағалы қағаздардың мемлекеттік тізіліміне **E83-5** нөмірімен енгізілген.

Төрағаның орынбасары



Ж.Құрманов

Серия С

№ 0002175

«Kaspi Bank»
акционерлік қоғамының
(«Kaspi Bank» АҚ)

үшінші облигациялық бағдарлама шегінде
саны 150 000 000 дана,
сомасы 15 000 000 000 теңге болатын облигациялардың
бесінші шығарылым

ПРОСПЕКТІСІ

Уәкілетті органның мемлекеттік емес облигациялардың шығарылымын (облигациялық бағдарламаны, облигациялық бағдарламаның шегінде облигациялардың шығарылымын) мемлекеттік тіркеуі инвесторларға проспектіде сипатталған облигацияларды сатып алуға қатысты қандай да болмасын ұсынымдар беруін білдірмейді және осы құжаттағы ақпараттың дәйектілігін растамайды.

Эмитенттің лауазымды тұлғалары онда берілген бүкіл ақпараттың дәйектілігін және эмитентке және оның орналастыратын облигацияларына қатысты инвесторларды жаңылыстырмайтын болып табылатындығын растайды.

Акционерлік қоғам болап табылатын эмитент Қазақстан Республикасының бухгалтерлік есеп пен қаржылық есептілік туралы заңнамасына сәйкес айқындалған қаржылық есептілік депозитарийнің интернет-ресурсында корпоративтік оқиғалар туралы ақпаратты, акционерлік қоғамның жылдық қаржылық есептілігін және аудиторлық есептерді, акционерлік қоғамдардың үлестес тұлғаларының тізімдерін, сондай-ақ «Қаржылық есептілік депозитарийінің, қор биржасының интернет-ресурстарында корпоративтік оқиғалар туралы ақпаратты, қаржылық есептілікті және аудиторлық есептерді, акционерлік қоғамдардың үлестес тұлғаларының тізімдерін, сондай-ақ жыл қорытындысы бойынша атқарушы органның мүшелеріне берілген сыйақының жиынтық мөлшері туралы ақпаратты орналастыру қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2016 жылғы 28 қаңтардағы № 26 қаулысында (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 13438 тіркелген) белгіленген тәртіппен және мерзімде жыл қорытындылары бойынша атқарушылық орган мүшелері сыйақысының жиынтық мөлшері туралы ақпаратты орналастыруды қамтамасыз етеді.

«Бағалы қағаздар рыногы туралы» Заңның 102-бабының 2-тармағындағы өзгерістерді эмитент ақпаратты Қазақстан Республикасының бухгалтерлік есеп пен қаржылық есептілік туралы заңнамасына сәйкес айқындалған қаржылық есептілік депозитарийнің интернет-ресурсында жариялау және «Қаржылық есептілік депозитарийінің, қор биржасының интернет-ресурстарында корпоративтік оқиғалар туралы ақпаратты, қаржылық есептілікті және аудиторлық есептерді, акционерлік қоғамдардың үлестес тұлғаларының тізімдерін, сондай-ақ жыл қорытындысы бойынша атқарушы органның мүшелеріне берілген сыйақының жиынтық мөлшері туралы ақпаратты орналастыру қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2016 жылғы 28 қаңтардағы № 26 қаулысында (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 13438 тіркелген) белгіленген тәртіппен ақпаратты бұқаралық ақпарат құралдарында олар туындаған сәттен бастап күнтізбелік 15 (он бес) күн ішінде жариялау арқылы бағалы қағаздар ұстаушыларының назарына жеткізеді.

Алматы, 2018

1. Облигациялардың осы шығарылымы «Kaspi Bank» акционерлік қоғамының (бұдан әрі – «Эмитент») үшінші облигациялық бағдарлама Проспектісіне сәйкес жүзеге асырылады.

2. Облигациялық бағдарлама туралы мәліметтер:

1) үшінші облигациялық бағдарлама проспектісінің мемлекеттік тіркелген күні мен нөмірі – 2014 жылғы 19 желтоқсан, № E83

2) оның шегінде шығарылым жүзеге асырылатын үшінші облигациялық бағдарламаның көлемі: 300 000 000 000 (үш жүз миллиард) теңге.

3) үшінші облигациялық бағдарламаның шегінде облигациялар шығарылымының реттік нөмірі – бесінші.

4) Үшінші облигациялық бағдарламаның шегінде барлық алдыңғы облигациялар шығарылымдары туралы мәліметтер:

Үшінші облигациялық бағдарламаның шегіндегі облигациялардың бірінші шығарылымы (№ E83-1)

| | |
|--|---|
| Шығарылым уәкілетті органда тіркелген күн | 19 желтоқсан 2014 ж. |
| Облигациялардың саны | 500 000 000 (бес жүз миллион) дана |
| Облигациялардың түрі | Қамтамасыз етілмеген атаулы купондық |
| Номиналдық құны бойынша шығарылымның көлемі | 50 000 000 000 (елу миллиард) теңге |
| Шығарылымның орналастырылған облигацияларының саны | 489 961 360 (төрт жүз сексен тоғыз миллион тоғыз жүз алпыс бір мың үш жүз алпыс) дана |

Үшінші облигациялық бағдарламаның шегіндегі облигациялардың екінші шығарылымы (№ E83-2)

| | |
|--|--|
| Шығарылым уәкілетті органда тіркелген күн | 19 желтоқсан 2014 ж. |
| Облигациялардың саны | 500 000 000 (бес жүз миллион) дана |
| Облигациялардың түрі | Қамтамасыз етілмеген атаулы купондық |
| Номиналдық құны бойынша шығарылымның көлемі | 50 000 000 000 (елу миллиард) теңге |
| Шығарылымның орналастырылған облигацияларының саны | 464 906 433 (төрт жүз алпыс төрт миллион тоғыз жүз алты мың төрт жүз отыз үш) дана |

Үшінші облигациялық бағдарламаның шегіндегі облигациялардың үшінші шығарылымы (№ E83-3)

| | |
|---|--------------------------------------|
| Шығарылым уәкілетті органда тіркелген күн | 19 желтоқсан 2014 ж. |
| Облигациялардың саны | 500 000 000 (бес жүз миллион) дана |
| Облигациялардың түрі | Қамтамасыз етілмеген атаулы купондық |

| | |
|--|--|
| Номиналдық құны бойынша шығарылымның көлемі | 50 000 000 000 (елу миллиард) теңге |
| Шығарылымның орналастырылған облигацияларының саны | 144 414 000 (жүз қырық төрт миллион төрт жүз он төрт мың) дана |

Үшінші облигациялық бағдарламаның шегіндегі облигациялардың төртінші шығарылымы (№ E83-4)

| | |
|--|---|
| Шығарылым уәкілетті органда тіркелген күн | 05 маусым 2015 ж. |
| Облигациялардың саны | 600 000 000 (алты жүз миллион) дана |
| Облигациялардың түрі | Қамтамасыз етілмеген атаулы купондық реттелген |
| Номиналдық құны бойынша шығарылымның көлемі | 60 000 000 000 (алпыс миллиард) теңге |
| Шығарылымның орналастырылған облигацияларының саны | 590 983 679 (бес жүз тоқсан миллион тоғыз жүз сексен үш мың алты жүз жетпіс тоғыз) дана |

3. Эмитенттің үшінші облигациялық бағдарламасының шегінде облигациялардың бесінші шығарылымы туралы мәліметтер:

| | |
|--|--|
| 1) Облигациялардың түрі | Қамтамасыз етілмеген атаулы купондық (бұдан әрі – «Облигациялар») |
| 2) Бір облигацияның номиналды құны | 100 (жүз) теңге |
| 3) Облигациялардың саны | 150 000 000 (жүз елу миллион) дана |
| 4) Облигациялар шығарылымның жалпы көлемі | 15 000 000 000 (он бес миллиард) теңге |
| 5) Облигациялар бойынша сыйақы: облигациялар бойынша сыйақының мөлшерлемесі) | Бекітілген, Облигациялардың номиналды құнының жылдық 11,0% (он бір пайызы). |
| Облигациялар бойынша сыйақыны есептеу басталатын күн | Сыйақы Облигациялардың айналысы басталған күннен бастап есептеледі. |
| Облигациялар бойынша сыйақы төлеу мерзімділігі мен күндері | Облигациялар бойынша купондық сыйақы жылына 2 (екі) рет, Облигациялардың айналысы басталған күннен бастап әрбір 6 (алты) ай өткенде, Облигацияларды өтеу мерзіміне дейін жыл сайын төленеді. Купондық сыйақының соңғы төлемі Облигациялардың өтелуімен қатар жүзеге асырылады. |
| Купондық сыйақыны төлеу тәртібі мен | Сыйақы төлем жасалатын кезеңнің соңғы |

| | |
|---|--|
| <p>шарттары, облигациялар бойынша сыйақы алу тәсілі</p> | <p>күнінің басындағы жағдай бойынша облигацияларды ұстаушылардың тізілімінде тіркелген және оны алуға құқығы бар тұлғаларға Эмитенттің бағалы қағаздарын ұстаушылардың тізілімдерінің жүйесін жүргізетін тіркеуші орналасқан жердегі уақыт бойынша төленеді.</p> <p>Төленетін күнгі купондық сыйақы Облигациялардың номиналды құнының, купондық сыйақының жылдық мөлшерлемесі мен 360-қа (үш жүз алпысқа) бөлінген купондық сыйақыны есептеу кезеңіндегі күндер санының көбейтіндісі ретінде есептеледі.</p> <p>Үтірден кейінгі белгілердің саны және дөнгелектеу әдісі «Қазақстан қор биржасы» АҚ-тың ішкі құжаттарына сәйкес анықталады.</p> <p>Эмитент купондық сыйақыны сыйақы төленетін кезеңнің соңғы күнінен кейінгі күннен бастап күнтізбелік 15 (он бес) күн ішінде Облигацияларды ұстаушылардың банктік шоттарына қолма-қол жасалмайтын тәртіппен Қазақстан Республикасының ұлттық валютасында (теңге) ақша аудару арқылы төлейді.</p> <p>Купондық сыйақы соңғы рет Облигациялар бойынша негізгі борышты өтеумен бір уақытта төленеді.</p> <p>Облигацияларды ұстаушы Қазақстан Республикасының резиденті емес болған жағдайда, Қазақстан Республикасының аумағында теңгеде банктік шоты болған кезде, Облигациялар бойынша купондық сыйақы тек ұлттық валютада төленеді.</p> |
| <p>Облигациялар бойынша сыйақы есептеу үшін қолданылатын уақыт кезеңі</p> | <p>Ұзақтығы 30 (отыз) күн болатын есептік ай және ұзақтығы 360 (үш жүз алпыс) күн болатын есептік жыл.</p> |
| <p>б) Номиналды құн валютасы, негізгі борыш және (немесе) облигациялар бойынша есептелген сыйақы бойынша төлем валютасы</p> | <p>Қазақстан Республикасының Ұлттық валютасы (теңге)</p> |
| <p>7) Облигациялар орналастыруды</p> | <p>Облигациялардың айналысы басталған күн</p> |

| | |
|--|--|
| бастау күні және аяқтау күні | <p>Облигациялар орналастырылған күн болып табылады.</p> <p>Жарияланған бағалы қағаздарды есепке алу үшін Эмитенттің жеке шотынан барлық Облигацияларды Эмитенттің бағалы қағаздарын ұстаушылардың тізілімдері жүйесіндегі немесе номиналдық ұстау есеп жүйесіндегі Облигацияларды ұстаушылардың жеке шоттарына есептен шығару бойынша соңғы операцияны жүргізу күні Облигациялар орналастыруды аяқтау күні болып табылады.</p> |
| 8) Облигациялар айналысының басталу күні және облигациялар айналысының мерзімі | <p>«Қазақстан қор биржасы» АҚ-тың ішкі құжаттарына сәйкес жүргізілетін Облигацияларды орналастыру бойынша алғашқы сауда-саттық өткен күн Облигациялардың айналысы басталған күн болып табылады.</p> <p>Облигациялар айналысының мерзімі – Облигациялар айналысы басталған күннен бастап 4 (төрт) жыл.</p> |
| 9) Облигациялар айналысы жоспарланатын нарық | Бағалы қағаздардың ұйымдастырылған және ұйымдастырылмаған нарықтары |
| 10) Орналастырылатын облигацияларға ақы төлеу тәсілі | Облигацияларға ақы төлеу «Қазақстан қор биржасы» АҚ-тың ішкі ережелеріне сәйкес жүзеге асырылады. |
| 11) Облигацияларды өтеу тәртібі: Облигацияларды өтеу күні | Облигацияларды өтеу Облигациялар айналысы басталған Күннен бастап 4 (төрт) жыл өткеннен кейін жүргізіледі. |
| Облигацияларды өтеу шарттары | Облигациялар соңғы купондық сыйақының төлемімен қатар облигациялар айналысының соңғы күнінен кейінгі келесі күннен бастап күнтізбелік 15 (он бес) күн ішінде Облигациялардың номиналды құны бойынша өтеледі. |
| Облигацияларды өтеу тәсілі | Облигациялар Облигация ұстаушылардың тізілімінде көрсетілген деректемелер бойынша Облигация ұстаушылардың банктік шоттарына немесе тараптардың келісімі бойынша Эмитентте ашылған шоттарға ақша аудару арқылы өтеледі. |

| | |
|--|---|
| | <p>Облигацияларды ұстаушы Қазақстан Республикасының резиденті емес болған жағдайда, Қазақстан Республикасының аумағында теңгеде банктік шоты болған кезде, Облигациялар бойынша төлем тек ұлттық валютада төленеді.</p> |
| <p>12) Эмитенттің облигацияларды мерзімнен бұрын сатып алу құқығы (егер осы құқық эмитент органының облигациялар шығарылымы туралы шешімінде көзделсе)</p> <p>Эмитенттің облигацияларды мерзімінен бұрын сатып алу құқығын іске асыру тәртібі, талаптары және мерзімдері</p> | <p>Эмитент Облигацияларды Эмитенттің Директорлар кеңесінің шешімі бойынша олардың бүкіл айналыс мерзімінде ұйымдастырылған және ұйымдастырылмаған нарықтарда сатып алуға құқылы. Облигацияларды сатып алу бағасы, Эмитенттің оларды сатып алуының тәртібі, талаптары және мерзімі Эмитенттің Директорлар кеңесінің шешімімен анықталады.</p> <p>Эмитенттің Облигацияларды олардың бүкіл айналыс мерзімінде толықтай, сол сияқты ішінара сатып алуға құқығы бар.</p> <p>Өтімділікті басқару мақсатында, Эмитент Облигацияларды сатып алу экономикалық жағынан тиімді деп санаған жағдайда, Эмитенттің «Қазақстан қор биржасы» АҚ-тың және Эмитенттің ішкі нормативтік құжаттарында айқындалған тәртіппен ұйымдастырылған, сол сияқты ұйымдастырылмаған нарықтарда орын алған нарық конъюнктурасы мен талаптарына қарай Облигацияларды толықтай немесе ішінара сатып алуға құқылы.</p> <p>Эмитент бұл жағдайда Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген мерзімдердің ішінде, ал ондай мерзімдер болмаған кезде – Эмитенттің Директорлар кеңесі барлық Облигацияларды сатып алу туралы шешім қабылдаған күннен бастап 10 (он) жұмыс күні ішінде Облигацияларды ұстаушылардың ықтимал әрекеттерін, соның ішінде Эмитентке өтініш білдіру тәртібі мен мерзімдерін көрсетіп, «Қазақстан қор биржасы» АҚ-тың сайтына (www.kase.kz) және Қаржылық есептілік депозитарийінің ресми сайтына (www.dfo.kz) ақпараттық хабар жариялау арқылы Облигацияларды ұстаушыларға бұл факті туралы хабарлайды.</p> |

| | |
|--|---|
| | <p>Эмитент Облигациялар бойынша барлық төлемдерді Облигацияларды ұстаушылардың банктік шоттарына қолма-қол жасалмайтын тәртіппен Қазақстан Республикасының ұлттық валютасында (теңге) ақша аудару арқылы төлейді.</p> <p>Облигацияларды ұстаушы Қазақстан Республикасының резиденті емес болған жағдайда, Облигацияларды сатып алу бойынша төлемдер Қазақстан Республикасының аумағында теңгедегі банктік шоты болған кезде тек Қазақстан Республикасының ұлттық валютасында төленеді.</p> <p>Сатып алынған Облигациялар өтелген болып саналмайды және Эмитент оларды қайтадан орналастыра алмайды.</p> |
| <p>9. Облигациямен оның ұстаушысына берілетін құқықтар</p> | <ul style="list-style-type: none"> • Осы Облигациялар шығарылымы проспектісінде белгіленген тәртіппен және мерзімдерде Облигациялардың номиналды құнын алу құқығы; • Осы Облигациялардың шығарылымы проспектісінде белгіленген тәртіппен және мерзімдерде облигациялар бойынша купондық сыйақы алу құқығы; • Эмитент ковенанттарды бұзған жағдайда, Облигацияларды ұстаушылардың құқықтары осы Проспектінің «Шектеулер (ковенанттар)» деген бөлімінде айқындалған; • Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жағдайларда және тәртіппен Облигацияларға меншік құқығынан туындайтын өзге құқықтар. <p>Көзделмеген:</p> <ul style="list-style-type: none"> • осы шығарылымның Облигациялары бойынша мерзімінен бұрын өтеуді талап ету құқығы; • Облигацияларды ұстаушылардың Эмитенттен өзге мүліктік баламаны немесе өзге мүліктік құқықтарды алуға құқығы. |
| <p>Осы құқықты іске асыру шарттары, тәртібі және мерзімі көрсетілген эмитенттің облигацияларды сатып</p> | <p>Мына жағдайларда:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1) Эмитенттің органы Облигациялардың |

| | |
|---|--|
| <p>алуын талап ету құқығы, соның ішінде облигациялар шығарылымы проспектісінде көзделген шектеулер (ковенанттар) бұзылған кезде</p> | <p>делистингі туралы шешім қабылдағанда;</p> <p>2) тізбесі уәкілетті органның нормативтік құқықтық актісінде және «Қазақстан қор биржасы» АҚ-тың ішкі құжаттарында айқындалған ақпаратты «Қазақстан қор биржасы» АҚ-қа ұсыну бөлігінде арнайы (листингтік) талаптарды орындамау себебінен қор биржасы Эмитент Облигацияларының делистингі туралы шешім қабылдағанда;</p> <p>3) осы Проспектіде көрсетілген шектеулер (ковенанттар) бұзылған кезде Эмитент облигацияларды сатып алуға міндетті.</p> <p>1) және 2) жағдайларда Қазақстан Республикасының заңнамасында немесе «Қазақстан қор биржасы» АҚ ережелерінде белгіленген мерзімдердің ішінде, ал мұндай болмаған кезде – Эмитенттің органы/Эмитенттің қор биржасы шешім қабылдаған күннен бастап күнтізбелік 7 (жеті) күн ішінде Эмитент мұндай фактінің туындау себептерін толық сипаттап және Эмитентке талап келтіру тәртібі мен мерзімдерін қосқанда, өз талаптарын қанағаттандыру бойынша Облигацияларды ұстаушылардың ықтимал әрекеттерін атап, «Қазақстан қор биржасы» АҚ-тың сайтына (www.kase.kz) және Қаржылық есептілік депозитарийінің ресми сайтына (www.dfo.kz) ақпараттық хабар жариялау арқылы Облигацияларды ұстаушыларға бұл факті туралы хабарлайды.</p> <p>Облигацияларды ұстаушылар осы фактінің туындағаны туралы ақпарат жарияланған күннен кейінгі күннен бастап есептелетін күнтізбелік 7 (жеті) күннің ішінде өздеріне тиесілі Облигацияларды Эмитенттің сатып алуын талап етуге құқылы.</p> <p>Облигацияларды сатып алуға өтініш барлық қажетті деректемелер: заңды тұлға үшін: облигацияларды ұстаушының атауы, мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) туралы куәліктің нөмірі, күні және оны берген орган, орналасқан жері, телефондары, банктік деректемелері, бар болса, бизнес-сәйкестендіру нөмірі, сатып алынуы тиіс</p> |
|---|--|

| | |
|--|---|
| | <p>облигациялардың саны мен түрі;</p> <p>жеке тұлға үшін: Облигацияларды ұстаушының тегі, аты, болса, әкесінің аты, жеке басын куәландыратын құжаттың нөмірі, күні және оны берген орган, тұратын жері; телефондары, банктік деректемелері, жеке сәйкестендіру нөмірі, сатып алынуы тиіс Облигациялардың саны мен түрі көрсетіліп, еркін түрде жасалады.</p> <p>Облигацияларды ұстаушылардан сатып алу туралы олардың өтінішін алғаннан кейін Эмитент сатып алу туралы жазбаша талапты алған күннен бастап күнтізбелік 70 (жетпіс) күннің ішінде Облигацияларды сатып алады.</p> <p>1) және 2) жағдайларда Эмитент орналастырылған Облигацияларды төмендегі бағалардың ең жоғарғысы бойынша:</p> <ul style="list-style-type: none"> • жиналған сыйақы ескерілгенде, мемлекеттік облигациялардың номиналды құнына сәйкес келетін баға; • мемлекеттік емес облигациялардың әділ нарықтық бағасы бойынша сатып алуға міндетті. <p>Осы бөлімнің 3) тармағында белгіленген жағдайларда, Облигацияларды сатып алу шарттары, тәртібі және мерзімдері осы Проспектінің «Шектеулер (ковенанттар)» деген бөлімінде айқындалған.</p> |
| <p>10. Басталған жағдайда эмитенттің облигациялары бойынша дефолт жариялану ықтималдығы бар оқиғалар туралы мәліметтер</p> <p>1) басталған жағдайда эмитенттің облигациялары бойынша дефолт жариялану ықтималдығы бар оқиғалар тізбесі</p> | <p>Эмитенттің облигациялары бойынша дефолт дегеніміз – бұл Облигациялар бойынша сыйақыны (купонды) және/немесе Облигациялардың номиналды құнын төлеу міндеттемелерін тиісінше орындамау.</p> <p>Басталған кезде Эмитенттің Облигациялары бойынша дефолт (бұдан әрі – «Дефолт») жариялануы мүмкін оқиға – купондық кезең немесе Облигациялардың айналыс мерзімі аяқталған күннен кейінгі күннен бастап купондық сыйақыны және (немесе) номиналдық құнды төлемеу немесе толық</p> |

төлемеу.

Осы Проспектіде белгіленген мерзімдерде Эмитенттің сыйақыны және/немесе Облигациялардың номиналды құнын төлемеуі немесе толық төлемеуі, егер мұндай төлемеу және/немесе толық төлемеу Эмитенттің сыйақыны және/немесе номиналды құнды төлеуін мүмкін етпейтін Эмитенттің Облигацияларды ұстаушының банктік шотының шынайы емес немесе толық емес деректемелерін алуының немесе тіркеушінің Эмитентке Облигацияларды ұстаушылардың тізілімін заңнамада және онымен жасалған шартта белгіленген мерзімдерде бермеуінің нәтижесі болса, облигациялар бойынша Дефолт болып табылмайды.

Осы Проспектінің «Шектеулер (ковенанттар)» деген бөлімінде көрсетілген ковенанттардың бұзылуы Облигациялар бойынша Дефолт болып табылмайды.

Облигациялардың өзге шығарылымдары бойынша ковенанттарды бұзу және Эмитенттің осы шығарылымға байланысты емес міндеттемелер бойынша міндеттемелерді орындамауы Облигациялар бойынша Дефолт болып табылмайды, сол сияқты осы шығарылым бойынша Дефолттың орын алуы өзге шығарылымдар мен міндеттемелер бойынша дефолт болып табылмайды.

Эмитент осы Проспект бойынша өз міндеттемелерін ішінара немесе толық орындамағаны үшін, егер бұл орындамау еңсерілмейтін күш жағдайларының салдарынан болса, жауапкершіліктен босатылады. Еңсерілмейтін күш жағдайлары деп басталуын болжауға немесе алдын алуға мүмкін болмаған жағдайлар (стихиялық құбылыстар, соғыс қимылдары, уәкілетті органдардың тыйым салу немесе шектеу сипатындағы актілері және т.с.с.) түсініледі. Еңсерілмейтін күш жағдайлары туындаған жағдайда, Эмитенттің осы Проспект бойынша өз міндеттемелерін орындау мерзімі мұндай жағдайлар мен олардың салдары әрекет ететін уақыт кезеңіне тең жылжытылады.

| | |
|--|--|
| <p>2) облигациялар бойынша сыйақы төлеу міндеттемелері орындалмаған немесе тиісінше орындалмаған немесе тиісінше орындалмаған кезде облигацияларды ұстаушылардың құқықтарын қорғау рәсімдерін, оның ішінде міндеттемелерді қайта құрылымдау тәртібі мен талаптарын қоса алғанда, облигациялар бойынша дефолт туындаған жағдайда эмитенттің қолданатын шаралары</p> | <p>Эмитенттің кінәсінен осы Проспектіде көрсетілген мерзімде купондық сыйақы және/немесе негізгі борыш төленбеген немесе толық төленбеген жағдайда, Эмитент Облигацияларды ұстаушыларға мерзімі өткізілген әр күнге ақшалай міндеттемені немесе оның тиісті бөлігін орындаған күнгі (яғни төлем жасалған кезеңнің соңғы күнінен кейінгі күнгі жағдай бойынша) Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкінің ресми қайта қаржыландыру мөлшерлемесін негізге ала отырып есептелетін өсімпұл төлейді.</p> <p>Облигациялар бойынша Дефолт орын алған жағдайда, Эмитент облигацияларды ұстаушылардың құқықтарын қорғау және Дефлотқа алып келген себептерді жою үшін барлық ықтимал және қажетті шараларды қолданады. Эмитент дефолттан тиімді шығу жолын анықтау мақсатында Облигацияларды ұстаушылардың жалпы жиналысын өткізуге бастама көтереді, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес тиісті орындау көлемдері мен мерзімдерін көрсетіп, Облигацияларды ұстаушылардың алдында өзінің міндеттемелерін орындау жөніндегі шаралардың жоспарын әзірлейді.</p> <p>Облигациялар бойынша Дефолт болған жағдайда, Эмитенттің төлем қабілеттілігін қалпына келтіруге және Облигациялар бойынша берешегін өтеуге бағытталған Эмитенттің қолданатын шараларына кез келген қайта ұйымдастырушылық, шаруашылық-ұйымдастырушылық, басқарушылық, инвестициялық, техникалық, қаржылық-экономикалық, құқықтық және Қазақстан Республикасының заңнамасына қайшы келмейтін басқа да шаралар кіреді, соның ішінде, бірақ шектелмей:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1. Несиелеу көлемін азайту; 2. Әкімшілік шығыстарын, соның ішінде жұмыскерлердің штаттық санын қысқарту, оның кейбір филиалдары мен бөлімшелерін жабу арқылы қысқарту; 3. Проблемалық несиелермен жұмыс жүргізу шараларын күшейту; 4. Қолда бар активтерді сату; |
|--|--|

| | |
|---|--|
| <p>3) эмитенттің облигацияларды ұстаушыларға орындалмаған міндеттемелердің көлемі, міндеттемелерді орындамау себебі, облигацияларды ұстаушылардың өз талаптарын қанағаттандыру бойынша ықтимал іс-әрекеттері, облигацияларды ұстаушылардың эмитентке, эмитенттің облигациялар бойынша міндеттемелері орындалмаған не тиісінше орындалмаған жағдайда эмитенттің міндеттемелері бойынша ортақ немесе қосымша жауапкершілік атқаратын тұлғаларға талап қою тәртібі туралы мәліметтер қамтылатын дефолт фактілері туралы ақпаратты жіберу тәртібі, мерзімі мен тәсілдері;</p> | <p>5. Қазақстан Республикасының аумағында, сол сияқты одан тысқары жерлерде еншілес және басқа да ұйымдарға қатысу үлесін азайту;</p> <p>6. Ағымдағы берешекті қайта қаржыландыру мақсатында Эмитенттің кредиторларымен келіссөздер жүргізу;</p> <p>7. Эмитенттің қаржылық тұрақтылығын қамтамасыз етуге жеткілікті мөлшерде меншікті капиталды ұлғайту мақсатында Эмитенттің акционерлеріне өтініш айту;</p> <p>8. Басқа да шаралар.</p> <p>Осы шығарылымның облигациялары бойынша дефолт туындаған жағдайда, Эмитенттің міндеттемелерін қайта құрылымдау Қазақстан Республикасының заңнамасында анықталған тәртіппен және талаптарда жүзеге асырылады.</p> <p>Дефолт туындаған күннен кейінгі 3 (үш) жұмыс күнінен кешіктірмей Эмитент орындалмаған міндеттемелердің көлемі, міндеттемелердің орындалмау себебі туралы мәліметтер, өзінің талаптарын қанағаттандыру бойынша Облигацияларды ұстаушылардың ықтимал іс-қимылдарының тізбесі, Облигацияларды ұстаушылардың Эмитентке талап қою тәртібі қамтылған Дефолттың орын алу фактісі туралы ақпаратты «Қазақстан қор биржасы» АҚ-тың (www.kase.kz) және Қаржылық есептілік депозитарийінің (www.dfo.kz) сайттарында хабарлама орналастыру арқылы Облигацияларды ұстаушылардың назарына жеткізеді.</p> <p>Эмитент облигациялар бойынша міндеттемелерді орындамаған не тиісінше орындамаған жағдайда, Эмитенттің міндеттемелері бойынша ортақ немесе қосымша жауапкершілік атқаратын тұлғалар жоқ.</p> |
| <p>11) Шектеулер (ковенанттар)</p> | <p>Осы Облигациялар шығырылымы проспектісінде белгіленген Облигациялардың айналыс мерзімі ішінде Эмитент мына шектеулерді (ковенанттарды) сақтауға міндетті:</p> |

| | |
|---|---|
| <p>Шектеулер (ковенанттар) бұзылған кезде эмитенттің және облигацияларды ұстаушылардың әрекет ету тәртібі</p> | <ol style="list-style-type: none"> 1) Эмитенттің құрылтай құжаттарына Эмитенттің қызметінің негізгі түрлерін өзгертуді көздейтін өзгерістер енгізбеу; 2) Ұйымдық-құқықтық нысанын өзгертпеу; 3) Эмитент пен биржаның арасында жасалған листингілік шартта белгіленген жылдық және аралық қаржылық есептілікті беру мерзімдерін бұзуға жол бермеу; 4) Эмитент пен биржаның арасында жасалған листингілік шартта белгіленген жылдық қаржылық есептілік бойынша аудиторлық есептерді беру мерзімдерін бұзуға жол бермеу; 5) Облигациялардың бірінші орналастырылуы күнінен бастап 6 (алты) айдың ішінде толық орналастыру. Бұл міндеттеме бұзылған жағдайда, Эмитент мынадай тәртіппен осы шығарылымның бұрын орналастырылған Облигацияларының бүкіл көлемін мерзімінен бұрын сатып алады. <p>Шектеулер (ковенанттар) бұзылған жағдайда, Эмитент «Қазақстанның қор биржасы» АҚ-тың www.kase.kz және Қаржылық есептілік депозитарийінің www.dfo.kz ресми интернет-ресурстарына орналастыру үшін жазбаша хабарлама беру арқылы бұзушылық орын алған күннен бастап күнтізбелік 7 (жеті) күннің ішінде шектеулердің (ковенанттардың) бұзылғаны туралы ақпаратты Облигацияларды ұстаушылардың назарына жеткізеді.</p> <p>Облигацияларды ұстаушылар шектеулердің (ковенанттардың) бұзылғаны туралы ақпарат жарияланған күннен кейінгі күннен бастап есептелетін күнтізбелік 7 (жеті) күннің ішінде өздеріне тиесілі Облигацияларды Эмитенттің сатып алуын талап етуге құқылы.</p> <p>Облигацияларды сатып алуға өтініш барлық қажетті деректемелер:</p> <p>заңды тұлға үшін: облигацияларды ұстаушының атауы, мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) туралы куәліктің нөмірі, күні және оны берген орган, орналасқан жері, телефондары,</p> |
|---|---|

банктік деректемелері, бар болса, бизнес-сәйкестендіру нөмірі, сатып алынуы тиіс облигациялардың саны мен түрі;

жеке тұлға үшін: Облигацияларды ұстаушының тегі, аты, болса, әкесінің аты, жеке басын куәландыратын құжаттың нөмірі, күні және оны берген орган, тұратын жері; телефондары, банктік деректемелері, жеке сәйкестендіру нөмірі, сатып алынуы тиіс облигациялардың саны мен түрі көрсетіліп, еркін түрде жасалады.

1), 2), 3) және 4) шектеулер (ковенанттар) бұзылған жағдайда, Облигацияларды сатып алу Облигацияларды ұстаушыдан Облигацияларды сатып алуға өтінішті алған күннен бастап күнтізбелік 70 (жетпіс) күннің ішінде облигацияларды ұстаушының банктік шотына номиналдық құнды және жиналған купондық сыйақыны аудару арқылы жүзеге асырылады.

5) шектеу (ковенант) бұзылған жағдайда, Эмитент орналастырылған Облигацияларды Облигацияларды ұстаушыдан Облигацияларды сатып алуға өтінішті алған күннен бастап күнтізбелік 7 (жеті) күннің ішінде Облигацияларды ұстаушының банктік шотына ақша аудару арқылы мәміле (сатып алу) күніндегі жағдай бойынша жылдық 11,5%-ды өтеу кірістілігіне сәйкес баға бойынша сатып алады.

Эмитент Облигацияларды сатып алуға берілген барлық өтінімдерді бір уақытта қанағаттандыра алмаған жағдайда, Облигацияларды ұстаушылардан Облигацияларды сатып алу берілген өтінімдердің кезектілігі тәртібімен жүзеге асырылады.

Облигацияларды сатып алуға өтініш бермеген Облигацияларды ұстаушылардың оларға тиесілі Облигациялардың осы Проспектіде көрсетілген осы Облигациялар шығарылымының айналыс мерзімі аяқталғанда өтелуіне құқығы бар.

| | |
|--|--|
| | Облигацияларды ұстаушы Қазақстан Республикасының резиденті емес болған жағдайда, Облигацияларды сатып алу бойынша мәміленің сомасы Қазақстан Республикасының аумағында банктік шоты болған кезде Қазақстан Республикасының ұлттық валютасында (теңге) төленеді. |
| 13. Облигациялар өтелген сәтке дейін сыйақыларды төлеудің әр кезеңі бойынша сыйақыларды төлеуге және негізгі борыш сомасын өтеуге қажетті эмитенттің ақша қаражаты көздерінің және ағындарының болжамы | Ақпарат осы Проспектінің 1-қосымшасында ұсынылған. |
| 14. Облигацияларды орналастырудан түскен ақшаны пайдалану 1) эмитенттің облигацияларды орналастырудан алатын ақшаны пайдалану мақсаттары және тәртібі 2) осындай өзгерістерді көрсете отырып, алынған ақшаны бөлуді жоспарлаудағы ықтимал өзгерістер пайда болған кездегі талаптар | Осы Облигациялар шығарылымының мақсаты – Эмитенттің қор базасын ұлғайту. Осы шығарылым Облигацияларын орналастырудан алынатын ақша Эмитент пен оның филиалдарының корпоративтік бизнесті, шағын және орта бизнесті, жеке тұлғаларды несиелендіру саласындағы қызметін жандандыруға, сондай-ақ Эмитент көрсететін қызметтердің шоғырын кеңейтуге жіберу жоспарланады. Алынған ақшаны бөлуді жоспарлаудағы ықтимал өзгерістер пайда болған кездегі талаптар көзделмеген. |

Басқарма Төрағасының міндетін атқарушы



Миронов П.В.

**«Kaspi Bank» АҚ-тың үшінші облигациялық
бағдарлама шегінде облигациялардың
бесінші шығарылым проспектісіне № 1 қосымша**

**Облигациялар өтелген сәтке дейін сыйақыларды төлеудің әр кезеңі бойынша сыйақыларды төлеуге және
негізгі борыш сомасын өтеуге қажетті эмитенттің ақша қаражаты көздерінің және ағындарының болжамы**

Эмитент жеке лей клиенттерге, шағын және орта бизнес клиенттеріне, сондай-ақ корпоративтік клиенттерге банк қызметінің кең шоғырын берумен байланысты негізгі қызметтен ақша қаражатының түсуін болжап отыр. Эмитенттің операциялық қызметінен түсетін ақша қаражаты ағындарының төменде көрсетілген болжамдары дұрыс емес, дәл емес немесе жүзеге асырылмайтын болуы мүмкін, сондай-ақ түрлі факторларға байланысты өзгертілуі тиіс жорамалда Эмитенттің қызметтеріне деген сұраныс, Эмитент қызметін жүргізетін экономика секторларындағы бәсекелестік факторлар, мемлекеттік реттеудегі өзгерістер, салықтық талаптардағы өзгерістер (салықтық мөлшерлемелердің өзгерістерін, жаңа салық заңдарын және салық заңнамасының түсіндірмелерін қайта қаралуын қосқанда), сот және төрелік талқылаулардың нәтижелері, пайыздық мөлшерлемелердің және басқа да нарық жағдайларының өзгерістері, шетел валюталары бағамының өзгерістерін, халықаралық нарықтардағы экономикалық және саяси жағдайларды қоса алғанда, капиталды Қазақстан Республикасынан тысқары жерге аударудағы мемлекеттік өзгерістер мен шектеулерді қоса алғанда, және басқа да алдын ала болжанбайтын факторлар кіреді. Жоғарыда жазылғанды назарға ала отырып, облигацияларды ықтимал сатып алушылар берілген болжамдарға толығымен сенім артпауға тиіс.

| Ақша қаражатының ағындары жөнінде ақпарат (мың теңге) | 2018 | 2019 | | 2020 | | 2021 | | 2022 | |
|--|--------------------|--------------------|--------------------|--------------------|--------------------|--------------------|--------------------|--------------------|--------------------|
| | 2-жарты- жылдық | 1-жарты- жылдық | 2-жарты- жылдық | 1-жарты- жылдық | 2-жарты- жылдық | 1-жарты- жылдық | 2-жарты- жылдық | 1-жарты- жылдық | 2-жарты- жылдық |
| Операциялық қызметтен түсетін ақша ағындары | | | | | | | | | |
| Таза операциялық активтердегі өзгерістерге дейінгі операциялық қызметтен түсетін ақша қаражатының қозғалысы | 96 817 617 | 83 308 038 | 101 820 936 | 103 590 827 | 126 611 011 | 126 785 700 | 154 960 300 | 148 057 102 | 180 958 680 |
| Операциялық активтердегі ақшаның таза қозғалысы | -106 667 545 | -141 946 306 | -173 489 929 | -166 936 749 | -204 033 805 | -195 088 128 | -238 441 045 | -222 837 185 | -272 356 560 |
| Операциялық міндеттемелердегі ақшаның таза қозғалысы | 142 643 495 | 70 836 170 | 86 577 541 | 85 665 055 | 104 701 734 | 101 978 570 | 124 640 474 | 120 866 802 | 147 726 092 |
| Табыс салығын төлегенге дейінгі таза ақша ағындары | 132 793 568 | 12 197 902 | 14 908 547 | 22 319 133 | 27 278 940 | 33 676 142 | 41 159 729 | 46 086 718 | 56 328 211 |
| Төленген табыс салығы | -8 208 592 | -8 330 804 | -10 182 094 | -10 359 083 | -12 661 101 | -12 678 570 | -15 496 030 | -14 805 710 | -18 095 868 |
| Операциялық қызметтен түсетін таза ақша ағындары | 124 584 976 | 3 867 098 | 4 726 454 | 11 960 050 | 14 617 839 | 20 997 572 | 25 663 699 | 31 281 008 | 38 232 343 |
| Инвестициялық қызметтен түсетін ақша қаражатының таза түсімі/(кетуі) | -5 040 279 | 18 074 337 | 22 090 856 | 17 601 092 | 21 512 445 | 17 055 090 | 20 845 110 | 16 425 242 | 20 075 296 |
